Әділет

# Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 7 тамыздағы № 9-3/726 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 18 қарашада № 12305 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 48 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 01.02.2017 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 15) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Инвестициялық саясат және қаржы құралдары департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
__________ Б.Т. Сұлтанов
2015 жылғы "___" __________
"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
___________ Е.А. Досаев
2015 жылғы 30 қазан

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 7 тамыздағы
№ 9-3/726 бұйрығымен
бекітілген

# Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидалары

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен (бұдан әрі – АӨК) субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу тәртібін айқындайды.

2. Инвестициялық салымдар кезінде АӨК субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялаудың негізгі мақсаты капиталды көп қажет етуді төмендету және салынған инвестициялардың өтемділігін арттыру жолымен АӨК-нің басым бағыттарында (секторларында) инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру болып табылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) АӨК-нің басым бағыттары (секторлары) – осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес басымды бағыттар тізбесінде көрсетілген едәуір даму әлеуеті бар АӨК бағыттары (секторлары);

2) АӨК-дегі инвестициялық жоба (бұдан әрі – инвестициялық жоба) – жаңа өндірістік қуаттылықтар құруға немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге инвестициялар салуды көздейтін іс-шаралар кешені;

3) АӨК-дегі инвестициялық салымдар (бұдан әрі – инвестициялық салымдар) – жер учаскелерін сатып алуға арналған шығындарды қоспағанда, инвестициялық жоба шеңберінде жаңа өндірістік қуаттылық құруға немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге, оның ішінде техника мен жабдықтар сатып алуға бағытталған шығындар;

4) АӨК-дегі инвестициялық субсидиялар (бұдан әрі – инвестициялық субсидиялар) – инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде АӨК субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу;

5) АӨК инвесторы (бұдан әрі – инвестор) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес АӨК-нің басым бағыттарына (секторларына) инвестициялық салымдарды жүзеге асыратын АӨК субъектісі;

6) бюджеттік бағдарламаның әкімшісі (бұдан әрі – әкімші) – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі;

7) жобаның паспорты – инвестициялық субсидиялауға жататын негізгі қаражаттар, тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер түріндегі инвестициялық салымдардың тізбесі және субсидияларды есептеу үшін барынша жол берілген құны;

8) жұмыс істеп тұрған өндірістік қуаттылықтарды кеңейту – жұмыс істеп тұрған өндірістік қуаттылықтарды жетіспеген немесе қажетті жабдықпен ( техникамен) жарықтандыруды, өндірістік қуаттылықтарды ұлғайтуды және ( немесе) өндіріс көлемін арттыруға, өндірілетін өнімнің өзіндік құнын азайтуға және (немесе) өндірілетін өнімнің сапасын жоғарылатуға, оның орамасын өзгертуге және (немесе) ассортиментті кеңейтуге бағытталған өзге де іс-қимылдарды көздейтін іс-шаралар сондай-ақ, мақсаты нарықта жаңа тауарлық тауашаға орнығу, өткізу нарықтарын кеңейту және басқалар болып табылатын іс-шаралар;

9) инвестициялық субсидиялау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия) – инвесторлардың өтініштерін қарауға және инвестициялық

субсидиялар беру/беруден бас тарту туралы шешімдер қабылдауға арналған тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган;

10) инвестициялық субсидиялау мәселелері жөніндегі комиссияның жұмыс органы (бұдан әрі – жұмыс органы) – облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдіктерінің ауыл шаруашылығы басқармасы;

11) инвестициялық субсидиялау шарты – жұмыс органы, инвестор және оператор арасында жасалатын, инвестициялық субсидиялар қаражатын

аударудың тәртібі мен шарттарын, мониторинг барысын, тараптардың жауапкершілігін және өзге де шарттарды көздейтін жазбаша келісім;

12) қаржы институттары – екінші деңгейдегі банктер, банктік операцияларды жүзеге асыру құқығына тиісті лицензиясы бар кредиттік ұйымдар, лизингтік компаниялар, кредиттік серіктестіктер;

13) оператор – инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау бойынша операторлық қызметтерді жүзеге асыратын ұйым;

Қызметтер көрсету жөніндегі шартты жасасқанға дейін, осы Қағидаларда көзделген оператордың функцияларын жұмыс органы жүзеге асырады.

14) өндірістік кешен – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге, өңдеуге, сақтауға, буып-түюге бағытталған өзара байланысты өндірістік қуаттылықтар ( ғимараттар, құрылыстар, монтаждалатын жабдық, инженерлік желілер және басқалары) жиынтығы;

15) эскроу-шот – осы Қағидалардың 37, 38-тармақтарына сәйкес инвестициялық субсидиялау шартының талаптарын қамтамасыз ету үшін инвестициялық субсидиялардың сомалары аударылатын инвестордың қаржы институтындағы/екінші деңгейдегі банктегі шоты.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.06.2016 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2. Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау тәртібі

## 1 Параграф. Инвестициялық субсидиялаудың жалпы шарттары

4. Инвестициялық субсидиялар инвесторларға осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген, субсидиялауға жататын инвестициялық паспорттар тізбесінің 5-бөлімін қоспағанда, осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген басым бағыттар ( секторлар) тізбесі бойынша инвестициялық жоба шеңберінде сатып алынған немесе пайдалануға берілген объектілер, жабдықтар мен техника бойынша төленеді.

Субсидиялауға 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап пайдалануға берілген, жаңа өндірістік қуаттылықтар құруға немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге бағытталған (инвестициялық салымдар) инвестициялық жобалар жатады. Бұл ретте, инвестордың 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін, бірақ инвестициялық жоба

пайдалануға берілетін күнге дейін 24 айдан ерте емес мерзімде инвестициялық жоба шеңберінде техниканы немесе жабдықты сатып алуға кеткен шығындар инвестициялық жоба субсидиялауға жатады.

Егер инвестициялық жоба тек жабдық және (немесе) техниканы сатып алуды болжайтын болса, субсидиялауға 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап сатып алынған жабдық және (немесе) техника жатады.

Бұл ретте, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес бірінші топтың бағыттары ( секторлары) бойынша инвестициялық субсидиялар беруге арналған инвесторлардың өтініштері тиісті күнтізбелік жылдың 1 шілдесіне дейін қабылданады және қаралады. Бірінші топ ішінде бірінші кезекте басымдылық тәртібімен осы Қағидаларға 1-қосымшада көзделген кезектілік бойынша инвесторлардың өтініштері қаралады.

Тиісті күнтізбелік жылдың 1 шілдесінен кейін бірінші және екінші топтың бағыттары бойынша инвесторлардың өтініштері қабылданады және қаралады. Бұл ретте, бірінші топтағы инвесторларының өтініштері, өтініш беру күніне қарамастан, осы Қағидаларға 1-қосымшада көзделген кезектілік тәртібімен қаралады. Екінші топтың өтініштері олардың келіп түскен күніне сәйкес кезектілік бойынша қарастырылады.

Комиссия отырысында осы Қағидаларға 1-қосымшада көзделген кезектілік тәртібімен ауыл шаруашылығы кооперативтерінің өтініштері басым тәртіппен қарастырылады.

Инвесторлардың өткен қаржы жылында қабылданған, бірақ қанағаттандырылмаған өтініштерін комиссия ағымдағы қаржы жылында қабылданған инвесторлар өтініштерін қарастыру басталғанға дейін қарастыруы және/немесе қанағаттандыруы тиіс.

Комиссияның инвесторлардың өтініштерін қабылдауды тоқтату туралы шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

Субсидиялау инвестициялық жобаны іске асыру орны бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.06.2016 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес, инвестициялық паспорттарда көрсетілген тізбесінде негізгі қаражатқа, жұмыстарға және көрсетілген қызметтерге инвестициялық салымдардың бір бөлігі өтеуге жатады.

6. Инвестициялық субсидияларды есептеу нақты салынған инвестициялар бойынша жүзеге асырылады. Шығындарды өтеу пайызы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес көзделген өтеу үлесіне сәйкес белгіленеді. Өтеу үлесі өзгертуге жатпайды.

Инвестициялық субсидия мөлшері мына әдістердің бірімен анықталады:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген, субсидиялауға жататын инвестициялық паспорттар тізбесіне сәйкес, әр инвестициялық жоба бойынша инвестициялық салымдарды өтеудің белгіленген, бірақ бір қуат бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін бекітілген барынша рұқсат етілген құннан аспайтын үлесіне сәйкес;

2) осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген, субсидиялауға жататын инвестициялық паспорттар тізбесіне сәйкес, әр инвестициялық жоба бойынша инвестициялық салымдарды өтеудің белгіленген, бірақ жабдықтар мен техниканың бір бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін бекітілген барынша рұқсат етілген құннан аспайтын үлесіне сәйкес;

3) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес жоба құнынан инвестициялық салымдарды өтеудің белгіленген үлесіне сәйкес, немесе осы қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес субсидиялауға жататын инвестициялық паспорттардың тізбесінде көрсетілген басқа да құжаттар.

Өндірістік қуаттылықтарды кеңейтуге жобалау-сметалық құжаттаманы немесе осы қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес субсидиялауға жататын инвестициялық паспорттардың тізбесінде көрсетілген басқа да құжаттарды әзірлеместен, жабдықтардың жекелеген түрлерін алуды және монтаждауды көздеген жағдайда, сатып алынған жабдықты жабдықтың құнынан белгіленген өтеу пайызы шегінде сатып алу-сату (лизинг) шарттары, жабдықты жеткізу және (немесе) монтаждау шарттары, сондай-ақ ілеспе құжаттар (жүк-кедендік декларация, шот-фактуралар, төлемді растайтын құжаттар) бойынша субсидиялауға жол беріледі. Жабдықты сатып алу-сату (лизинг) шарттарында көзделген жағдайда жабдықты монтаждау субсидиялауға жатады.

Жобалау-сметалық құжаттамада техниканы және жабдықты сатып алуға арналған шығыстар көрсетілмеген жағдайда, олар бойынша субсидиялау сатып алу-сату (лизинг) шарттары, ілеспе құжаттар (жүк-кедендік декларация, шот-фактуралар, төлемді растайтын құжаттар) бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте субсидиялау мақсатында, техниканы алуға арналған шығындар жобалау-сметалық құжаттамада немесе осы қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес субсидиялауға жататын инвестициялық паспорттардың тізбесінде көрсетілген шығындармен қосылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.06.2016 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. "Қуаты 50 сиырдан бастап етті бағыттағы ірі қара малды өсіруге арналған объектілерді құру және кеңейту", "50-ден 400 сиырға дейінгі сүтті-тауарлы фермаларды құру және кеңейту", "Қуаты 100 аналық мал басынан бастап

жылқыларды/түйелерді өсіруге арналған объектілерді құру және кеңейту" және "Қуаты 300 аналық бастан бастап қой/ешкі өсіруге арналған объектілерді құру және кеңейту", "5 гектардан бастап қарқынды алма бағын отырғызу", "5 гектардан бастап жеміс-жидек дақылдары мен жүзімді отырғызу", "Ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу" инвестициялық паспорттары бойынша инвестициялық жобаның паспортында көрсетілген бір түрдің техникасы мен жабдықтарының екінші және одан кейінгі бірлігін субсидиялауға жол беріледі.

Бір түрдің техникасы мен жабдықтарының екінші және одан кейінгі бірліктері техника мен жабдықтың бір бірлігіне арналған аналық мал басының ең төменгі нормативінен асқан жағдайда субсидияланады.

Бір түрдің техникасы мен жабдығының бір бірлігіне арналған аналық мал басының ең төменгі нормативі аналық мал басының 100 шартты басын құрайды.

Субсидиялауға жататын бір түрдің техникасы мен жабдықтарының екінші және одан кейінгі бірліктері мынадай формула бойынша анықталады:

Wк = Wж / Н, мұндағы:

Wк – субсидияланатын бір түрдің техникасы мен жабдықтарының саны;

Wж – шаруашылықта тіркелген ауыл шаруашылығы жануарларының осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген ауыл шаруашылығы жануарларының басын ірі қара малдың шартты басына ауыстыру коэффициенттеріне сәйкес, ірі қара малдың шартты басына қайтадан есептегендегі аналық басының саны;

Н – жол берілген норматив.

Бөлшек саны алынған жағдайда, нәтижесі математикалық жолмен бүтін мәнге дейін дөңгелектенеді.

Ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының санын субсидиялауға өтінім берген сәттен бастап ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқор арқылы оператор анықтайды.

Оператор куәландырған ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордан үзінді-көшірмені оператор инвестордың өтінішіне қоса береді.

Бір түр техникасының бір бірлігіне арналған қарқынды алма бағы, жеміс-жидек дақылдары және жүзім алаңдарының ең төменгі нормативі 20 гектарды құрайды. Белгіленген нормативке сәйкес келетін қарқынды алма баққа, жеміс-жидек дақылдарға және жүзімге арналған жерлер алаңдарының болуы жер учаскесіне меншік құқығына арналған актімен және (немесе) уақытша (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалға алу) құқығына арналған актімен расталады.

"Ауыл шаруашылығы техникасын және жабдықты сатып алу" инвестициялық паспорты бойынша техника және жабдықтың бір бірлігіне арналған алаңдардың ( егіндіктің) ең төменгі нормативіне сәйкес жүзеге асырылады.

Субсидиялауға жататын бір түрдің техникасы мен жабдықтарының екінші және одан кейінгі бірліктері мынадай формула бойынша анықталады:

Wк = Wг / Н, мұндағы:

Wк – субсидияланатын бір түрдің техникасы мен жабдықтарының саны;

Wг – жер алқаптарының (егістіктің) алаңы;

Н – жол берілетін норматив.

Бөлшек сан алынған жағдайда, нәтиже математикалық жолмен бүтін мәнге дейін дөңгелектенеді.

Белгіленген нормативке сай келетін егістікке арналған жер алқаптарының бар болуы бірлескен іс-қимыл туралы жасалған шарт болған жағдайда, инвестордың жер учаскесіне меншік құқығы немесе уақытша өтемді (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану құқығын куәландыратын құжатпен расталады.

Ауыл шаруашылығы кооперативі өтінім берген жағдайда, жер алқаптарының (егістіктің) жиынтық аумағы және ауыл шаруашылығы кооперативі мүшелерінде тіркелген ауыл шаруашылығы жануарларының аналық бас саны ескеріледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.06.2016 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Инвестициялық субсидиялар инвестордың жаңа, шығарылған жылы инвестор өтінім берген жылдан алдыңғы күнтізбелік үш жылдан ерте емес, бұрын пайдаланылмаған техника мен жабдықтарды сатып алуға арналған инвестициялық салымдары бойынша төленеді.

9. Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау тиісті қаржы жылына бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады.

Ағымдағы қаржы жылында комиссия мақұлдаған инвестициялық жобалар бойынша субсидиялар төлеу үшін қаражат жетіспеген жағдайда, комиссия шешімі келесі қаржы жылында берілген инвесторлардың өтініштерін қарауға дейін өтініш келіп түскен күнге сәйкес кезектілік бойынша, келесі қаржы жылында субсидияларды басым тәртіппен төлеуге негіз болады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.06.2016 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Инвестициялық субсидиялар осы тармақта, сондай-ақ осы Қағидалардың 37-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, инвестициялық жобаның шеңберінде жаңа өндірістік қуаттылықтар пайдалануға берілгеннен немесе жұмыс істеп тұрғандары кеңейтілгеннен, техника мен жабдықтар сатып алынғаннан кейін толық көлемде төленеді.

Инвестициялық субсидияларды жаңа өндірістік қуаттылық құру кезіндегі жобалау-сметалық құжаттамаға немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту кезіндегі бизнес-жоспарға сәйкес инвестициялық жобаның кезегін (кезеңін) пайдалануға бергеннен кейін төлеуге жол беріледі.

Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес басым бағыттар (секторлар) тізбесінің 12-18-тармақтарында көзделген өңдеу өнеркәсібін дамыту бағыттары бойынша жаңа өндірістік қуаттылықтар құруға арналған инвестициялық субсидиялар " Сүтті тасуға арналған көлік құралын сатып алу", "Ауыл шаруашылығы жануарларын тасуға арналған көлік құралдарын сатып алу", "Ауыл шаруашылығы өнімін тасуға арналған көлік құралдарын сатып алу" инвестициялық паспорттарын қоспағанда, екі траншпен төленеді:

1) бірінші транш объектіні пайдалануға бергеннен кейін инвестициялық субсидиялардың жалпы сомасының 50 %-ы мөлшерінде;

2) екінші транш бизнес-жоспарда көзделген мерзімдерде, өндірістік қуаттылықтар жүктемесі кемінде 30 %-ға жеткеннен кейін инвестициялық субсидиялардың жалпы сомасының 50 %-ы мөлшерінде төленеді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.06.2016 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2 Параграф. Инвестициялық субсидиялау мәселелері жөніндегі комиссияны және сараптамалық комиссияны құру тәртібі

11. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдері өз шешімімен облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімінің ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі орынбасарының төрағалығымен комиссия құрады және комиссия хатшысын айқындайды.

Комиссия хатшысы оның құрамына кірмейді.

Комиссия тұрақты негізде жұмыс істейді және төрағадан, оның орынбасарынан және жергілікті атқарушы органдардың, қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері болып табылатын басқа мүшелерден тұрады , бұл ретте олардың саны комиссияның жалпы құрамының кемінде жартысын құрауы тиіс және өңірлік кәсіпкерлер палатасымен келісілген болуы қажет. Комиссия құрамына қатысуға қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдардың келісімі болмаған жағдайда, өңірлік кәсіпкерлер палатасымен келісе отырып, олардың өкілдерінің санын азайтуға жол беріледі.

Комиссияның мүшелерінің жалпы саны тақ болуы және 7 (жеті) адамнан кем болмауы тиіс.

Комиссияның шешімі ашық дауыс берумен қабылданады және ол комиссия мүшелердің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданған болып саналады.

Дауыстар тең болған жағдайда, комиссия төрағасының немесе ол жоқ болғанда, төраға орынбасарының дауыс берген шешімі қабылданған болып табылады.

Егер отырысқа комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, комиссия отырысы шешім қабылдауға құқылы.

12. Әр қаржы жылдың басында комиссия инвестордың объектісін қарап-тексеруге және өндірістік қуаттылықтардың жүктемелеріне жеткендігіне көз жеткізу үшін хаттамалық шешіммен жұмыс органынан және басқа да ұйымдардан мамандар тобын айқындайды. Қарап-тексеру нәтижесі, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестордың объектісін қарап тексеру актісімен (бұдан әрі - қарап тексеру актісі) ресімделеді.

13. Инвесторлардың өтінімдерін алдын ала қарау, субсидияларды есептеу және өтінімдердің осы Қағидалар талаптарына сәйкестігін тексеру мақсатында жұмыс органы саны жұмыс органы өкілдері ішінен кемінде 3 (үш) адамнан тұратын сараптамалық комиссия құрады. Бұл ретте, сараптамалық комиссия мүшелерінің саны тақ болуы қажет.

Сараптамалық комиссияның төрағасы жұмыс органының өкілі болып табылады, жұмыс органы басшысының орынбасарынан төмен емес лауазымды атқарады.

Сараптамалық комиссияның қорытындысы жалпы санның көпшілік дауысымен қабылданады және сараптамалық комиссияның отырысына қатысқан сараптамалық комиссияның барлық мүшелері оған қол қояды. Дауыстар тең болған жағдайда, сараптамалық комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданады.

Сараптамалық комиссияның әр мүшесі өзінің айрықша пікірін білдіруге құқылы, ол сараптамалық комиссияның қорытындысына қоса тіркеледі және ажырамас бөлігі болып табылады. Айрықша пікірдің бар екендігі сараптамалық комиссияның қорытындыларында көрсетіледі.

Егер, отырысқа комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, сараптамалық комиссия отырысы шешім қабылдауға құқылы.

## 3 Параграф. Инвестициялық субсидиялауға қатысушылардың өзара іс-қимылы тәртібі

14. Жұмыс органы мен оператор арасындағы өзара қатынастары реттеу үшін жыл сайын тиісті жылдың 25 қаңтарына дейін оператор көрсететін қызметтеріне

төлемақы сомасын көрсете отырып, оператордың қызметтер көрсетуі тәртібін, шарттарын, сондай-ақ тараптардың жауапкершілігін және өзге де шарттарды көздейтін инвестициялық субсидиялау бойынша оператордың қызметтер көрсетуі жөніндегі шарт (бұдан әрі – қызметтер көрсету жөніндегі шарт) жасалады.

15. Оператордың көрсетілетін қызметтері қызметтер көрсету жөніндегі жасалған шартқа сәйкес тиісті қаржы жылына арналған инвестициялық салымдар кезінде АӨК субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялауға көзделген қаражат шеңберінде төленеді.

16. Оператор қызметтер көрсету жөніндегі шарт күшіне енгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде облыс/қала аумағында таралатын бұқаралық ақпарат құралдарында және облыстық/қалалық әкімдіктің интернет-ресурсында мемлекеттік және орыс тілдерінде инвестициялық субсидиялау үшін оператордың инвесторлардан өтінімдер қабылдауы басталғаны туралы хабарландыру орналастырады.

17. Пайдалануға берілмеген инвестициялық жобалар бойынша инвесторлардың өтінімін комиссия екі кезеңде қарайды.

Бірінші кезеңде комиссия инвестордың осы Қағидалардың шарттарына сәйкестігі/сәйкес еместігі туралы шешім қабылдайды.

18. Инвесторлар мынадай құжаттарды қалыптастырады және операторға жібереді:

1) инвестордың уәкілетті адамы немесе қол қою құқығына сенімхаты бар адам қол қойған және мөрмен бекітілген, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық субсидиялауға арналған өтінім (бұдан әрі - өтінім);

2) АӨК субъектісін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы куәліктің көшірмесі немесе мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама;

Ескертпе: "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті), мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтағанға дейін жарамды болып табылады.

3) бизнес-жоспарды, шарттар немесе коммерциялық ұсыныстарды қоса бере отырып, жаңа өндірістік қуаттылық құруға немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге арналған инвестициялық салымдар және оларды іске асыру мерзімдері туралы ақпарат;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптаманың оң қорытындысы бар жобалардың жобалау-сметалық құжаттамасы;

5) тартылған қаржы (кредит/лизинг) есебінен жобаны іске асыру жағдайында, осы Қағидаларға сәйкес инвестор субсидия алу көздегені туралы қаржы институтына хабарлама көшірмесі.

Егер инвестициялық жоба пайдалануға берілген, сондай-ақ инвестициялық жоба шеңберінде техника мен жабдықтар сатып алу жүзеге асырылған болса, инвестор осы Қағидалардың 26-тармағында көзделген құжаттарды да ұсынады.

19. Оператор өтінімдерді қабылдайды және өтінімдерді тіркеу журналында инвестициялық бағыттар топтары бойынша тіркейді. Журнал нөмірленеді, тігіледі және жұмыс органының мөрімен бекітіледі.

20. Оператор инвесторлардан өтінімдер болған кезде, 7 (жеті) жұмыс күні ішінде инвесторлар ұсынған құжаттардың толықтығын тексереді және сараптамалық комиссия отырысын шақыру туралы жазбаша хабарламаны оның мүшелеріне жібереді. Сараптамалық комиссияның отырысын өткізу орнын, уақытын және күнін оператор сараптамалық комиссияның төрағасымен келісім бойынша айқындайды.

Құжаттар топтамасын толықтай ұсынбаған жағдайда, оператор инвесторды қажетті құжаттардың жоқ екендігі туралы жазбаша нысанда хабардар етеді.

Инвестор жетіспейтін құжаттарды бермеген жағдайда, өтінім белгіленген мерзімдерде қаралады және құжаттар топтамасы толық емес екендігі туралы ақпаратпен бірге сараптамалық комиссияның қарауына жолданады.

Осы Қағидалардың 6-тармағының үшінші бөлімінде көзделген жағдайларда, оператор комиссия отырысына ұқсас жабдықтардың құны туралы кемінде екі өндірушіден (ресми дилерлерден), не ашық көздерден алынған мәліметтерді ұсынады.

21. Сараптамалық комиссия 7 (жеті) жұмыс күні ішінде оператордан келіп түскен өтініштерді қарайды, инвестор ұсынған құжаттардың толықтығын тексереді, олардың осы Қағидаларға сәйкестігін қарайды, субсидиялар есептемелерін жасайды және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сараптамалық комиссиясының қорытындысын (бұдан әрі - қорытындысы) дайындайды, ол комиссия отырысының материалдарына қоса беріледі.

Осы Қағидаларда көзделген құжаттардың болмауы сараптамалық комиссияның субсидиялаудан бас тарту туралы қорытындысын дайындау үшін негіз болып табылады.

22. Оператор сараптамалық комиссия өтінімдерді қарағаннан кейін комиссия отырысын шақыру туралы оның мүшелеріне жазбаша хабарлама жолдайды.

Комиссия отырысын өткізу орнын, уақытын және күнін комиссия төрағасымен келісім бойынша оператор айқындайды.

23. Комиссия отырысын шақыру туралы хабарламаға электрондық жеткізгіште мынадай материалдар қоса беріледі:

1) осы Қағидалардың 18-тармағында көзделген құжаттар;

2) қорытындысы;

3) қарап тексеру актісі.

24. Инвестордың өтінімін мақұлдау/қайтарып беру туралы шешімді комиссия оның мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылдайды және ол хаттама түрінде ресімделеді.

Хаттаманы жұмыс органы тиісті хаттамаларды тіркеу журналында тіркейді. Журнал нөмірленеді, тігіледі және жұмыс органының мөрімен бекітіледі.

25. Пайдалануға берілген инвестициялық жоба бойынша, сондай-ақ сатып алынған техника мен жабдықтар бойынша инвесторлардың өтінімдерін комиссия екі кезеңді рәсімдер қолданбастан, бір отырыста қарайды.

26. Жаңа өндірістік қуаттылықтар құру немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту және объектіні немесе инвестициялық жобаның кезегін (кезеңін) пайдалануға беру немесе техника мен жабдықтарды сатып алу бойынша барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін инвестор операторға комиссия екінші кезеңде қарауы үшін мынадай растайтын және құқық белгілейтін құжаттарды ұсынады:

1) объектіні немесе инвестициялық жобаның кезегін (кезеңін) пайдалануға қабылдау туралы мемлекеттік қабылдау не қабылдау комиссиясы актісінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

2) сатып алушы мен жеткізуші арасындағы жабдықтарды пайдалануға беру актісінің көшірмесі;

3) жаңа өндірістік қуаттылықтар құруға не жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге арналған инвестициялық салымдарды растайтын сатып алу-сату шарттарының, шот-фактуралардың, төлемді растайтын құжаттардың көшірмелері;

4) ауыл шаруашылығы, арнайы техника мен технологиялық жабдықтарды қабылдап алу-беру актілерінің көшірмелері;

5) ауыл шаруашылығы техникасын сатып алған кезде, құқық белгілейтін құжаттардың (көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, техникалық паспорт) көшірмелері ұсынылады;

6) қаржы институттарында тартылған қаражат есебінен инвестициялық салымдар жүзеге асырылған жағдайда, қаржы институты куәландырған кредиттік /лизингтік шарттар көшірмелері;

7) бизнес-жоспарда көзделген мерзімдерде, өндірістік қуаттылықтардың жүктемесі кемінде 30 %-ға жеткеннен кейін осы Қағидалардың 10-тармағының 2)

тармақшасына сәйкес инвестор растайтын құжаттарды (бизнес-жоспар, өндірілген өнім түрлері бойынша өткізуді заттай және құндық мәнде растайтын құжаттардың оператор куәландырған көшірмелері, осы тармақшада көрсетілген құжаттардың, сондай-ақ екінші кезеңде инвестордың өтінімді ұсынған сәтінің алдындағы 3 ай немесе тоқсан үшін инвестордың статистикалық есебі негізінде құрастырылған өндірістік қуаттылықтардың жүктемесіне қол жеткізу туралы жұмыс органы мониторингінің актісі) ұсынады.

Инвестор жоғарыда көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларын ұсынылған көшірмелердің түпнұсқасымен сәйкестігін тексеру үшін операторға ұсынады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.06.2016 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Инвесторлардың өтінімдерін жан-жақты қарау үшін, сондай-ақ даулы мәселелер болған кезде, комиссия қосымша құжаттар сұратады және операторға ауыл шаруашылығы саласындағы тиісті мамандарды не тәуелсіз сарапшыларды тартуды тапсырады. Бұл талап оператордың қызметтер көрсетуі жөніндегі шартта көзделген қаражат шеңберінде орындалады.

Қажет болған жағдайда, инвестордың өтінімінде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында комиссия инвестордан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда сұратады. Комиссия сұрататын ақпаратты инвестордың беру мерзімі комиссияның хаттамалық шешімінде көрсетіледі.

28. Комиссия екінші кезеңде инвесторға инвестициялық субсидиялар беру немесе беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

29. Комиссияның хаттамалық шешімі:

1) мақұлданған/бас тартылған инвесторлардың атаулы тізбесін, бас тарту себептерін (бас тартылған жағдайда);

2) әрбір инвестор үшін инвестициялық жоба бойынша инвестициялық субсидиялар сомаларын қамтуы тиіс.

Осы Қағидалардың шарттарына сәйкессіздігі инвесторға инвестициялық субсидияны беруіне бас тарту себебі болып табылады.

30. Комиссия хатшысы қол қойған және жұмыс органының мөрімен куәландырылған комиссия отырысы хаттамасынан үзінді-көшірме комиссия мүшелері хаттамаға қол қойғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде инвесторға жіберіледі.

## 4 Параграф. Инвесторға инвестициялық субсидиялар беру тәртібі

31. Инвестициялық субсидия беру жұмыс органы, оператор және инвестор арасындағы үш жақты инвестициялық субсидиялау шартына сәйкес жүзеге асырылады.

32. Инвестициялық субсидиялау шарты комиссияның шешімі негізінде жасалады және инвесторға қаражатты аударудың тәртібі мен талаптарын, жұмыс органының объектіге және инвестор қызметіне мониторинг жүргізуі талаптарын, тараптардың жауапкершілігі мен өзге де талаптарды көздейді.

33. Жұмыс органы, оператор және инвестор арасындағы инвестициялық субсидиялау шартынан басқа, сатып алынатын жабдықтарды, техниканы мақсатты пайдалану және субсидиялау сәтінен бастап 3 (үш) жыл ішінде иеліктен шығармау, соның ішінде сублизингке бермеу туралы келісім (бұдан әрі – мақсатты пайдалану туралы келісім) жасалады. Жабдықтар мен техниканы маусымдық тоқтау кезінде басқа да қызмет түрлеріне пайдалануда жол беріледі.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.06.2016 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Инвестициялық субсидиялау шартына және мақсатты пайдалану туралы келісімге мынадай тәртіппен қол қойылады:

1) оператор мен инвестор арасында – комиссия шешім қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

2) жұмыс органы – оператордан инвестициялық субсидиялау шартын алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде.

35. Оператор инвестициялық субсидиялау шартына қол қойылғаннан кейін 3 ( үш) жұмыс күні ішінде жұмыс органына әрбір инвестор бойынша ивестициялық субсидияларды аудару туралы ұсыныс енгізеді.

36. Инвестор өз қаражатын пайдаланған жағдайда, инвестициялық субсидиялар сомасы оның есептік шотына аударылады, ал жобаны тартылған қаражат есебінен іске асырған жағдайда, инвестициялық субсидиялар инвестормен келісім бойынша инвестордың негізгі борышын өтеу есебіне қаржы институтына аударылуы мүмкін.

Техниканы, жабдықтар мен басқа де объектілерді лизингке сатып алған жағдайда, егер лизинг беруші және лизинг алушы арасындағы келісімде өзгелей белгіленбесе, инвестициялық субсидиялар инвестордың негізгі борышын өтеу есебіне қаржы институтына аударылады.

37. Инвестор жабдықтарды/техниканы кредитке/лизингке алған жағдайда, инвестордың өтінімін (бірінші кезең) мақұлдау туралы комиссия шешімінің негізінде инвестициялық субсидияларды авансттық төлеммен қаржы институтының эскроу-шотына мынадай инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде аударуға жол беріледі:

1) қуаты 50 сиырдан бастап етті бағыттағы ірі қара малды өсіруге арналған объектілерді құру және кеңейту;

2) жайылымдарды суландыру инфрақұрылымдарын құру және мал өсіруші шаруашылықтарды сумен қамтамасыз ету (құдықтар, ұңғымалар);

3) 50-ден 400 сиырға дейінгі сүтті-тауарлы фермаларды құру және кеңейту;

4) сыйымдылығы тәулігіне 1 тонна сүттен бастап сүт қабылдау пункттерін құру;

5) сүтті тасуға арналған көлік құралын сатып алу;

6) ауыл шаруашылығы жануарларын тасуға арналған көлік құралдарын сатып алу;

7) ауыл шаруашылығы өнімдерін тасуға арналған көлік құралдарын сатып алу;

8) 5 гектардан бастап (бір инвесторға) қарқынды алма бағын, жеміс-жидек дақылдары мен жүзімді отырғызу;

9) 100 гектарға дейін (бір инвесторға) жаңбырлатып және тамшылатып суарудың суландыру жүйелерін құру және кеңейту;

10) ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу;

11) қуаттылығы 300 аналық мал басынан басталатын қой/ешкі өсіруге арналған объектілерді құру және кеңейту;

12) қуаттылығы 100 аналық мал басынан басталатын жылқы/түйе өсіруге арналған объектілерді құру және кеңейту;

Осы қаражат қаржы институтының тиісті органының инвестициялық жобаны қаржыландыру/техниканы және (немесе) жабдықты лизигке ұсыну туралы шешімі болған жағдайда аударылады, оның расталған көшірмесі жұмыс органына ұсынылады.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.06.2016 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. Инвестициялық субсидияларды эскроу-шотына алу үшін инвестор осы Қағидалардың 18-тармағында көрсетілген құжаттармен бірге қосымша қаржы институтының кредиттік комитетінің оң шешімінің куәландырылған көшірмесін, қаржы институтымен жасалған кредит шартын/лизинг шартын, инвестициялық жоба аяқталғанға дейін және инвестициялық субсидияларды төлеу туралы комиссияның екінші кезеңдегі оң шешімін алғанға дейін қаржы институтының эскроу-шоттағы ақшаны пайдаланбауы туралы жұмыс органы, қаржы институты және инвестор арасындағы үш жақты шарт жобасын ұсынады. Аталған үш жақты шарт комиссияның бірінші кезеңдегі оң шешімі алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жұмыс органы, қаржы институты және инвестор арасында жасалады.

Эскроу-шотты инвестор инвестициялық жобаны қаржыландыру және (немесе ) техниканы және (немесе) жабдықтарды лизингке беру жүзеге асырылатын қаржы институтында ашады. Егер қаржы институтының банктік шоттарды ашуға және жүргізуге құқығы болмаса, инвестор эскроу-шотты екінші деңгейдегі банкте ашады.

Бұл ретте, қаржы институты инвестор инвестициялық жобаны іске асыруды аяқтағанға дейін эскроу-шоттағы ақшаны пайдалана алмайды.

39. Қаржы институты эскроу-шотқа қаражат алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде кредит шартында көзделген қаражатты инвестордың шотына аударады және жұмыс органына растайтын құжаттарды ұсынады. Техниканы және (немесе) жабдықтарды лизингке беру арқылы инвесторды қаржыландыру жағдайында, қаржы институты шарт талаптарына сәйкес лизинг нысаналарын сатушыға лизинг нысаналарына толық не ішінара ақы төлеуді растайтын құжаттарды ұсынады.

Қаржы институты осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген талаптарды орындамаған жағдайда, қаржы институты 3 (үш) жұмыс күні ішінде эскроу-шотқа жүзеге асырылған кассалық шығыстарды облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы шотына қайтарады.

Эскроу-шотқа аударылған қаражатты қаржы институты инвесторға инвестициялық субсидия (екінші кезеңнің) беру туралы комиссияның оң хаттамалық шешімі негізінде инвестициялық жоба шеңберінде жабдықтар мен техниканы сатып алуға пайдаланылған кредит/лизинг бойынша инвестордың негізгі борышын өтеу есебіне есептейді.

40. Инвестициялық салымдар кезіндегі шығындарды өтеуді көздейтін шараларды қоспағанда, инвестициялық субсидиялау басқа мемлекеттік қолдау шараларымен қатар жүргізілуі мүмкін.

41. Инвестициялық субсидиялар оларға қатысты тарату, оңалту немесе банкроттық рәсімдері басталған, сондай-ақ жеделдетілген оңалту рәсімдерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтері уақытша тоқтатылған инвесторларға берілмейді.

## 3. Қорытынды ереже

42. Жаңадан пайдалануға берілген өндірістік кешен лизингке алынған кезде ( дайын объекті лизингі) осы Қағидаларға сәйкес лизинг алушы инвестор болып табылады. Жаңадан пайдалануға берілген өндірістік кешен инвестициялық субсидия алуға өтінім беру күніне дейін 6 (алты) айдан өтпей пайдалануға енгізілген кешен болып табылады.

43. Инвестор дайын объектілердің лизингі бойынша инвестициялық субсидиялар алу үшін:

1) өтінім;

2) АӨК субъектісін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы куәлік* көшірмесі немесе мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтаманы.

Ескертпе: *"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті), мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтағанға дейін жарамды болып табылады;

3) инвестор, лизинг беруші және объект сатушы арасындағы үшжақты келісімді;

4) сатушы мен лизинг беруші арасында жасалған объектіні сатып алу-сату шартын;

5) қаржы институты куәландырған объект лизингі шартын;

